



«Кселл» АҚ акционерлерінің жалпы жылдық жиналысының нәтижелері

Алматы, 23 мамыр 2014 жыл - «Кселл» акционерлік қоғамы (бұдан былай «Кселл» немесе «Компания») (LSE, KASE: KCEL), Қазақстандағы табыс көлемі мен абоненттер саны жағынан мобильді байланыстың жетекші операторы 2014 жылдың 21 мамырында өткен Компанияның Жылдық жалпы жиналысының (ЖЖЖ) нәтижелерін жариялайды.

ЖЖЖ төмендегі тұлғалар кіретін Кселл директорлар кеңесінің құрамын бекітті:

- Ян Эрик Рудберг (Тәуелсіз директор);
- Уильям Х.Р. Эйлуорд (Тәуелсіз директор);
- Владимир Смирнов (Тәуелсіз директор);
- Кеннет Берндт Карлберг (Sonera Holding BV акционерінің өкілі);
- Эрик Холлберг (Fintur Holdings BV акционерінің өкілі);
- Ингрид Мария Стенмарк (Fintur Holdings BV акционерінің өкілі).

ЖЖЖ Кселл директорлар кеңесінің 2013 жылдағы таза табысының 70% Жылдық дивиденд ретінде және 2013 жылдағы таза табысының 30% қосымша Арнайы дивиденд ретінде төлеу туралы ұсынысын қабыл алды. ЖЖЖ 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімдегі Компанияның 63,390,000,000 теңге көлеміндегі табысын таратудың төмендегідей тәртібін бекітті:

- Бір жай акцияға шаққандағы дивиденд салықтарды алғанға дейін 316,95 теңге құрайды.
- Дивидендтерді төлеу қаражатты акционерлердің банктік шоттарына қолма-қол ақшасыз төлеу түрінде жүргізіледі. 2014 жылдың 7 маусымында тіркеудің жабылу күнінде (Алматы уақыты бойынша 1:00) Кселл акцияларына ие акционерлер дивиденд алуға құқылы.
- Дивидендтер екі бөлек траншпен төленеді: бір жай акцияға шаққандағы 221,81 теңге – 2014 жылдың 25 маусымынан бастап 2014 жылдың 30 маусымына дейінгі мерзімде, және бір жай акцияға салықтарға дейінгі 95,14 теңге – 2014 жылдың 10 желтоқсанынан бастап 2014 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімге.
- Компания деректемелері: «Кселл» АҚ, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050051 Алматы қ., Самал-2 ықш., үй 100; банктік деректемелері: БСН 980540002879 БЖК KZKOKZKX IBAN KZ539261802102350000 «Казкоммерцбанк» АҚ-да, Кбе 17.

Сондай-ақ ЖЖЖ келесідей процедуралық мәселелер бойынша бірауыздан шешім қабылдады: жиналыстың күн тәртібі; ЖЖЖ Төрағасын және Хатшысын сайлау; жиналыста дауыс беру формасы ретінде ашық дауыс беруді бекіту. Шот комиссиясының құрамын және оның мүшелерінің өкілеттіктерін бекіту. Басқа қабылданған шешімдер Компанияның 2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға жекелей және біріктірілген қаржылық есебін, тәуелсіз аудитор есебін бекітуді, сондай-ақ Компания аудиторы ретінде «Deloitte» ЖШС тағайындауды қамтиды. Оған қоса, акционерлерге Компанияның директорлар кеңесі

және Атқарушы органы мүшелеріне сыйақы төлеу көлемі мен құрылымы, сондай-ақ акционерлер тарапынан Компания қызметіне және оның басшылығына қатысты қандай да бір сұранымдардың жоқ екендігі туралы ақпарат берілді.

Байланыс деректері

Инвесторлармен байланыс
Ирина Шоль

Тел: +7 727 2582755, қос. 1205
Investor_relations@kcell.kz

БАҚ
Наталья Еськова

Тел: +7 727 2582755, қос. 1902
Pressa@kcell.kz

Халықаралық БАҚ
Instinctif Partners
Леонид Финк, Тони Френд,
Кей Ларсен

Тел: +44 207 457 2020

Компания туралы жалпы деректер

Kcell Қазақстан Республикасының табыс көлемі мен абоненттер саны жағынан нарық үлесіің жетекші ұялы байланыс операторы болып табылады. Ол қызметін 1998 жылдан бері жүргізіп келеді және 2013 жылдың 31 желтоқсанында абоненттер саны 14,3 млн. адамға жуық құраған, бұл компания бағасына сәйкес нарық үлесінің 46,2% құрайды. 2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың нәтижелері бойынша Компания бағасына сәйкес оның табыс көлемі бойынша жалпы үлесі 54% құраған.

Kcell қосымша құны бар дауыстық байланыс қызметтерін көрсетеді, оның ішінде қысқа хабарламалар сервисі, мультимедиялық хабарламалар және мобильді контент-қызметтері сияқты қосымша қызметтерді (VAS), сондай-ақ Интернетке қолжетімді қосқанда деректерді беру қызметтері. Компания екі бренд ұсынады: ең алдымен, корпоративтік клиенттерге (оның ішінде мемлекеттік ұйымдарға) бағытталған Kcell бренді және, ең алдымен, жаппай нарық абоненттеріне бағытталған Activ бренді. Компания өз қызметтерін Қазақстан Республикасының халық орналасқан барлық дерлік аумағын ұялы байланыспен қамтыған.

2012 жылдың желтоқсанында Kcell Лондон қор биржасында ЖДҚ және KASE-те өзінің жай акцияларын сәтті орналастырды. Баға бір ЖДҚ үшін 10,50 АҚШ доллары және бір акцияға 1,578.68 теңге көлемінде орнатылды, мұнда бір ЖДҚ бір акцияға тең. Ұсыныс Kcell жарғылық капиталының 25 пайызын құрайтын TeliaSonera-ға 50 млн. акцияны сатудан тұрды. TeliaSonera тікелей немесе жанама түрде компанияның 61,9% жай акциясына ие.

Kcell Қазақстан Республикасындағы мобильді деректерді беру өсімінің айтарлықтай өлеуетінен пайда көруді жоспарлауда. Компания қамту аймағын кеңейту мақсатында 3G желісін жаюға инвестиция құюды жалғастырмақ. Kcell өз өнімдері мен қызметтерін бәсекеге төзімді бағаларға ұсыну, желінің жоғары сапасын сақтау мен бренд құндылығын арттыру арқылы табыс көлемі мен абоненттер саны бойынша өзінің жетекшілігін сақтап қалуға талпынуда.